



ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
КӨРСЕТУДЕ АЛАЛАУ ЖОҚ



ТОЛҚЫНДЫ ЖЫРДЫҢ
ДҮЛДҮЛІ – ТОҚАШ

№47
(1960)
19 маусым
2025 жыл,
бейсенбі

JAMBYLTARAZ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

АППАРАТ КЕҢЕСІ

ЕСЕПТЕУІШ ОРНАТПАҒАН ЕСЕЛЕП ТӨЛЕЙДІ

Заманауи қондырғыларды қою жұмыстары жүйелі жүргізілуі қажет



Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбековтің төрағалығымен кезекті аппарат кеңесі өтті.



Құрмаш ҚАПТАҒАЙ

Кеңесте әуелі «Жамбыл су» МКК директорының міндетін атқарушы Гаухар Дәулетқұлова қалада ауыз су есептегіш құралдарын орнату жұмыстары туралы баяндады.

Гаухар Мырзабекқызының мәліметі бойынша, бүгінде




шаһар тұрғындарының 94 пайызы орталық сумен қамтылған. Жер асты суларын көтеру үшін 93 артезиан ұңғымасы пайдаланылуда. Су тұтынуды есепке алу тиімділігін арттыру, сондай-ақ мониторинг процестерін автоматтандыру мақсатында «Жамбыл су» МКК есептеу құралынан деректерді орталықтандырылған жинау мен өңдеудің заманауи жүйесі енгізілген.

Келесі кезекте Тараз қаласы бюджетінің 2025 жылдың қаңтар-маусым айларындағы болжамды орындалуы, шаһардың қаңтар-мамыр айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамды көрсеткіштері, Тараз

қаласының 2026-2030 жылдарға арналған даму картасы, мемлекеттік сатып алу конкурстарының өткізілу барысы, білім мекемелеріндегі жапсарлас құрылыс пен күрделі жөндеу жұмыстары, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін автобус аялдамаларының қолжетімділігі, көрнекі ақпараттардағы тіл сауаттылығы, инвестициялық жобалардың жүзеге асуы секілді маңызды мәселелер қаралды.

Кеңесті қорытындылаған қала әкімі күн тәртібіне шығарылған әрбір мәселе бойынша сала басшыларынан жауап алып, нақты тапсырмалар жүктеді.

БАЙҚАУ



ТАРАЗДА АЙША БИБІГЕ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛАДЫ

Ең үздік жобаға
ашық конкурстар жарияланды

1. Конкурстың мақсаты:

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияға ұсыныс енгізу және Айша бибі тұлғасының тарихи-мәдени маңызын насихаттау мақсатында, көркем сәулеттік-мүсіндік композиция жасау арқылы «Айша бибі» ескерткішінің үздік тұжырымдамалық мүсіндік көркемдік шешімін анықтау. Байқау қорытындысы бойынша үздік аталған жобаны іске асыру.

2. Конкурстың бағдарламасы:

Айша бибі – махаббат пен адалдықтың символы. Мүсінде нәзіктік, рухани тазалық, сабыр мен даналық көрініс табуы тиіс. Киімі ұлттық нақышта – оюлы камзол, ұзын көйлек, сәукеле болуы мүмкін. Атап айтқанда, кейіп оның тарихи мен аңыздық сипатын жеткізіп, келушілерге терең әсер қалдыруы керек.

Ескерткіш қасында тұрған ғимараттармен үйлесімді болуы шарт және ұзақ мерзімге төзімді материалдар (қола, мәрмәр, гранит және т.б.) қарастырылуы керек.

Орнаатылатын жері – Тараз қаласы, Тәуке хан көшесі мен Айша бибі көшесінің қиылысы.

3. Конкурстың шарттары:

Конкурсқа жеке мүсіншілер және ұжымдар қатыса алады. Байқауға қатысатын жобалар 18.06-03.07.2025 жылғы аралығында қабылданады. Ұсынылатын жобалар 2025 жылдың 3 шілдеден кешіктірілмей мына мекенжайға тапсырылады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов көшесі, №3 ғимараты. «Көне Тараз» қоғамдық қоры.

→ 2

БЕЛЕС

Журналистің жегені – жантақ, арқаалағаны – алтын. Бұл – Шераға, Шерхан Мұртазаның қаламгерлер қауымына берген әділ бағасы. Бүгінде ақпарат айдынында желкен керген басылымдар аз емес. Олардың бірі заман көшіне қарай жаңғырып, түрленіп жатса, екіншілері электрондық үлгіге ауысып, ақпарат таратуда. Алайда барлығының көздегені бір мақсат – оқырманға дәлелді, дәйекті, әрі жедел ақпарат жеткізу. Халықтың мұңын мұңдап, бұқара мен биліктің арасына алтын көпірге айналу. Міне, осы сенім үдесінен шығып, тұғырынан түспеген «Шу өңірі – Шуская долина» газеті күні кеше торқалы 90 жылдық белесіне жетіп, мерейтойларын дүркіретіп атап өтті.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ҚАРАНАРЫ

«Шу өңірі – Шуская долина» газетінің 90 жылдық мерейтойы дүркіреп өтті



90 жыл тарих өлшемімен аз көрінгенімен, бұл – бір адамның ғұмыры. Төгілген маңдай тер мен ұрпаққа қалдырған өшпес ізі. Осы уақыт аралығында «Шу өңірі – Шуская долина» газеті сан тауқыметті бастан кешірсе де, бағытынан айныған емес. Керісінше, өмір соққысынан ысылып, өрісін кеңейте түсті. Бүгінде 100 мыңнан аса тұрғыны бар Шу ауданының тыныс-тіршілігінен тынымсыз хабар таратып, аймақтың айнасына айналып отыр.

Белді басылымның мерейтойына орай Шу аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты шараға облыс әкімінің кеңесшісі, Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Хамит Есаман, «Saluq tartibi» газетінің бас редакторы Ғалым Қасабай, ардагер журналистер – Қуаныш Иембердиев пен Көсемәлі Сәттібайұлы, «Egemen Qazaqstan» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Табиғат Абаилдаев, «Jambyl TV» облыстық телерадиоарнасының директоры Гүлбаршын Құланбаева, «Tekuimas» республикалық журналының бас редакторы Маржан Рақай, Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің бас редакторы Нұрасыл Сұлтанбаев және өзге де жамбылдық журналистер қатысты.

Мерейтойлық кештің түндігі жергілікті халық театрының «Ұлттың ұлы көсемі – Ахмет Байтұрсынов» атты сахналық қойылымымен түріліп, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Бұдан кейін облыс әкімінің кеңесші Хамит Ерболатұлы

сөз алып, бір дәуірдің шежіресіне айналып отырған басылымның мерейтойына арнайы жолдаған аймақ басшысы Ербол Қарашөкеевтің құттықтау хатын оқып берді. Сондай-ақ Парламент Сенатының депутаты Сәкен Арубаевтың да жылы лебізін «Шу өңірі – Шуская долина» газетінің бас редакторы Ерғали Қартайғанға табыстады.

Шара барысында Қартайғанға ұнпараққа 20 жылға жуық басшылық еткен жазушы-журналист Ахметжан Қосақов пен сала ардагері Тампылбай Молдақұловқа ерекше құрметпен сөз беріліп, нықтарына шапан жабылды. Ал Шу ауданының әкімі Бақытжан Жәнібеков биыл шулықтар үшін торқалы тойлармен ерек екенін тілге тиек етіп, соның ішіндегі «Шу өңірі – Шуская долина» газетінің 90 жылдығы өз алдына бір төбе екенін баса айтты.

– Биыл Шу ауданының 95 жылдығы аталып өтілмек. Одан бөлек, Шу қаласына 65 жыл толып отыр. Міне, осы мерекелер қарсаңында «Шу өңірі – Шуская долина» газетінің 90 жылдығының тойлануы заңдылық. Әрі бұл біз үшін үлкен қуаныш.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын мәнінде, газет шығару және газет оқу үрдісі ешқашан үзілмеуге тиіс. Осы сабақтастықты сақтап қалу керек. Бұл – өркениетті елдердің барлығында қалыптасқан дәстүр», – деген болатын. Бұл сөз баспасөздің қоғамдағы орны мен оның ұлт санасына әсерін терең бағалағанын көрсетеді.

→ 2

БЕРІК БАЙЛАНЫС

ЖАМБЫЛДА БОЛАТ ЗАУЫТЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Қазақстан тәуелсіздігін алған жылдардан бері алыс-жақын шетелдермен әріптестік байланысын нығайтып келеді. Нәтижесінде дипломатиялық қарым-қатынас орнатылған елдермен арадағы алыс-беріс көлемі жыл санап артып, серіктес елдерден келген инвесторлар көптеген өндіріс ошақтарын ашуда.



Соның бірі өңіріміздегі Jibek Joly арнайы экономикалық аймағында бой көтеруде. Толық өндірістік циклді металлургия комбинатының құрылысы бойынша ірі жобаның инвесторы – қытайлық Fujian Hengwang Investment Co., Ltd. компаниясы.

Қазіргі уақытта инвестиция бойынша келісім жасалып, бөлінген жер учаскелерін құрылыс-монтаж жұмыстарына дайындау жұмыстары белсенді жүргізілуде. Индустриялық аймаққа теміржол, электр желілері және табиғи газ сынды қажетті инфрақұрылым тартылған.

Құрылыс кезеңінде 1,5 мың уақытша жұмыс орны ашылып, зауыт іске қосылғаннан кейін 2,5 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Инвестор

компания жұмыс күшінің кемінде 90 пайызын жергілікті тұрғындардан алуды көздеп отыр.

Жобаны жүзеге асыру екі кезеңге, 2025 жылдан 2029 жылға дейін жоспарланған. Зауытты пайдалануға беру 2027 жылға белгіленсе, одан кейінгі екі жыл ішінде өндірістік қуаттылықты кеңейту жұмыстары жүргізіледі. Жалпы инвестиция көлемі – \$756 млн.

Жаңа кәсіпорын темір кенін заманауи сутекті технологиямен өңдеп, жылына 3 млн тоннаға дейін өнім шығаруға қауқарлы болады. Бұл еліміздегі сутек негізіндегі шахта пешін пайдаланатын алғашқы металлургиялық кешен болмақ. Жоба саланың «жасыл» трансформациясы талаптарына толық сай келеді.

→ 2

ЖАЗЫЛЫМ – 2025

	6 АЙ	12 АЙ
Қала	3 105 тг	6 210 тг
Ауыл	3 105 тг	6 210 тг
«Қыран Пресс»	2900	5800
«Тараз Пресс»	3105	6210
«Жамбыл Пресс»	3000	6000
РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:	6 АЙ – 2160 тг 12 АЙ – 4320 тг	
Жазылым бөлімі:	Жазылым индексі: 65605	
45-62-65,	8 747 545 4566	
KASPI.KZ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ		

ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

2023 жылдың 1 шілдеден бастап күшіне енген Әлеуметтік кодекс адамның бүкіл өмірлік циклін қамтиды. Атап айтқанда, туғаннан кәмелетке толғанға дейінгі әлеуметтік қолдау, еңбекке қабілетті жастағы азаматтарды жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру іс-шаралары, өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмек, сондай-ақ жасы ұлғайған шақтағы қолдаулардың барлығы осы бір құжатпен реттеледі.



Әлеуметтік кодекстің талабы – отбасының цифрлық картасын енгізу және азаматтардың қажеттіліктері негізінде проактивті мемлекеттік қызметтерге көшу. Бұл цифрлық платформа әлеуметтік қолдауға, қажетті мемлекеттік қызметтерге мұқтаж адамдардың мұқтажығын және отбасының әл-ауқатының деңгейін 5 санат бойынша анықтауға мүмкіндік береді.

Отбасының цифрлық картасында азаматтарға әлеуметтік мәртебе мемлекеттік органдардың 77 ақпараттық базасынан алынған деректер негізінде автоматты түрде беріледі. Бұл ретте Отбасының цифрлық картасы мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар отбасылар (адамдар) проактивті форматта, яғни қандай да бір өтінішсіз қызметтерді ресімдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл платформа азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне қарай мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы «электрондық хабарлама» ретінде қызмет етеді. Мемлекеттік қызметтерді алуға құқығы бар отбасылар кепілдіктер немесе көмек алуға әлеуетті үміткер екенін көрсете отырып, SMS хабарлама алады. Хабарламада көмекті тағайындауға келісім беруге немесе бас тартуға құқық беріледі. Келісім берілген жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес кепілдік немесе көмек тағайындалады.

Өз кезегінде, цифрлық платформа білім беру, жұмыспен қамту, медицина қызметтерінің қолжетімділігін, тұрғын үймен қамтамасыз етілуін және т.б. бағалайды.

Осыған орай, Отбасының цифрлық картасы шеңберінде Әлеуметтік қызметтер көрсетудің интеграцияланған моделін қалыптастыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде, атап айтқанда:

- 1) жұмыссыз жоқ азаматтарды жұмысқа орналастыру шараларымен қамту, еңбек шартысыз жұмыс істейтін азаматтардың еңбек қатынастарын ресімделуде;
- 2) ауыл шаруашылығы саласындағы тиісті ақпараттық жүйелерде жеке қосалқы шаруашылықты тіркеу жүргізілуде;
- 3) басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға көшіп кеткен азаматтарды тіркеуден шығару, азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу қамтамасыз етілуде;

- 4) «Мекенжай тіркелімі» АЖ жаңарту, тіркелмеген жер учаскелер тіркелуде;
- 6) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдардың заң жүзінде ресімделуін, жарналарды міндетті түрде аударуын қамтамасыз етілуде;
- 7) балаларды мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім берумен қамтылуда

- 8) берешегі 90 күннен асатын азаматтардың кредиттерін қайта құрылымдауды пысықталуда;
- 9) отбасыларды өмірлік қиын жағдайдан шығару бойынша отбасын қолдау Орталығы жұмыс атқарауда.

Сол секілді саланы цифрландыруда Электрондық еңбек биржасының маңызы зор. Ол – жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер үшін бірыңғай цифрлық экономикалық жүйенің заманауи және ыңғайлы құралы. Қазіргі уақытта платформада әртүрлі пайдалы платформалар біріктірілген. Атап айтқанда, жұмысқа орналастыру порталы – enbek.kz, онлайн оқыту платформасы – skills.enbek.kz, кәсіпкерлік бастамалардың бірыңғай терезесі – business.enbek.kz, еңбек ресурстары порталы – hr.enbek.kz. Барлық порталдар өзара байланысты, соның арқасында пайдаланушылар бір рет тіркеліп, сайттарға кіре алады. Порталда түйіндемені орналастыруға болады, ал жұмыс берушілер бос жұмыс орны туралы хабарландыруды жариялай алады, өңгімелесуге шақыра алады.

Жұмыссыз ретінде тіркелу үшін онлайн-мүмкіндіктер жан-жақты қамтылған. Порталда тіркелу өтініш беруші ретінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы адам үш күн ішінде автоматты түрде жұмыссыз мәртебесін алады. Содан кейін ол жұмыспен қамтуды қолдау бойынша мемлекеттік шараларды өзі таңдай алады. Жұмыс тәжірибесі жоқ түлектер уақытша жұмыс орындарына жіберілуі мүмкін. Цифрлық жүйе азаматтарды мамандық таңдаған сәттен бастап жұмыс берушімен еңбек шартын ресімдегенге дейін сүйемелдейді.

Цифрландыру азаматтарды жұмысқа орналастыру процесін жеңілдетті. Жеке іс автоматты түрде жасалады. Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі жұмыс берушіге қызметкер, оның білімі және еңбек өтілі туралы толық және сенімді ақпарат алуға көмектеседі.

Ол үшін кәсіпкер-жұмыс беруші кәсіпорын туралы деректерді Enbek.kz

порталында тіркейді және растайды. Содан кейін авторизациядан өтіп, «еңбек шарты» батырмасын басады. Қалқымалы терезеде қызметкер туралы ақпарат енгізу қажет. Портал толтыру үшін автоматты түрде элементтерді жасайды. Осыдан кейін жүйе деректерді өңдейді, мемлекеттік органдарда тіркеу туралы ақпаратты сұрайды және қызметкердің жеке ісін цифрлық форматта береді. Содан кейін портал шаблонға сәйкес дайын еңбек шартының макетін жасайды. Қажет болса, оған өзгерістер енгізуге болады. Кәсіпорын өзінің цифрлық құжаттар мұрағаты жүйесінде электрондық еңбек шартын жасай алады.

Сонымен қатар 2020 жылдан бастап мүгедек жандар үшін пилоттық әлеуметтік қызметтер порталы жұмыс жасады. 2021 жылдан бастап порталға толық көшу жүзеге асырылды. Әлеуметтік қызметтер порталы – мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ыңғайлылығы мен ұсынылатын қызметтердің және техникалық оңалту құралдарының сапасын жақсарту үшін енгізілген.

Мүмкіндігі шектеулі жандар Жеке оңалту бағдарламасында көрсетілген құрал-жабдықтарын үйден шықпай, электрондық цифрлық қолтаңбасымен <https://aleumet.gov.kz> порталы арқылы тапсырыс беріп, таңдау жасау мүмкіндігі берілген. Мемлекет тарапынан әр қызметтің кепілдендірілген қаражат көлемі бекітілген.

Порталда құны мемлекет кепілдік берген сомадан асатын техникалық оңалту құралдарын немесе қызметтерді таңдаған жағдайда, қызмет алушы айырманы өз қаражатынан төлейді.

Бұрындары оңалту құралдарын алу үшін арнайы мемлекеттік сатып алу жұмыстары 8 айға дейін жүргізілетін. Бұл өз кезегінде мүгедектердің уақыты қажетті оңалту құралдарын ала алмағандықтан наразылық тудыратын.

Порталдың енгізілуі нәтижесінде мүгедектің тікелей жеткізушімен өзара байланыс орнатылып, таңдау мүмкіндігі берілген. Қазір Порталға тапсырыс бергеннен бастап үйге жеткізілгенге дейінгі уақыт 15 күнді құрайды. Жеткізу қызметі мемлекет есебінен төленеді.

Порталдың тиімділігі мүгедек үшін жеке қажеттілігін өтеу, тауарларды кең көлемде таңдау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау болып отыр.

Порталды пайдалануда ешқандай қиындық жоқ. Бүгінде интернетті, компьютерді пайдаланбайтын адам өте аз. Әрбір мүгедек өзі компьютерді пайдалана алмаса, балалары көмек бере алады. Ол үшін мүгедектің электронды сандық қолтаңбасы (ЭСҚ) болуға тиіс.

Тіпті, интернет және компьютерде жұмыс істей алмайтын мүгедектер үшін бөлімде арнайы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары орналасқан. Осы бұрышта мүгедектің электронды цифрлы қолтаңбасы арқылы қызмет алуға әлеуметтік қызметкерлер көмек көрсетеді.

Бүгінгі таңда мүгедектер тарапынан жеке көмекші қызметі, міндетті гигиеналық құралдар, санаторлық-курорттық емделуге шипажайларды таңдау жүргізілуде.

**Тараз қаласы әкімдігінің
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

ҚР Еңбек кодексінің (әрі қарай – Кодекс) 23-бабының 2-тармағының 27) тармақшасына сәйкес, Жұмыс беруші жұмысшыларының еңбек шарттарын автоматтандырылған e-HR есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндеттелген.

Осыған орай, жаңа қабылданған және жұмыстан босатылған қызметкерлердің еңбек шартын Enbek.kz автоматтандырылған жүйеге уақытылы енгізу қажет екенін назарыңызға саламыз.

Анықтама телефоны: 54-47-08.

**Тараз қаласы әкімдігінің
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

К СВЕДЕНИЮ РАБОТОДАТЕЛЕЙ ГОРОДА ТАРАЗА!

В соответствии с подпунктом 27) пункта 2 статьи 23 Трудового кодекса РК (далее-Кодекс) Работодатель обязан вносить в автоматизированную информационную систему электронных трудовых договоров (e-HR) информацию о заключении и прекращении с работниками трудового договора.

В этой связи обращаю Ваше внимание, что трудовые договоры вновь принятых и уволенных работников необходимо своевременно вносить в автоматизированную систему enbek.kz.

Телефон для справок: 54-47-08.

Отдел занятости и социальных программ акимата города Тараза

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Altynalmas Reagents» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, 2025 жылдың 30 шілдесінде сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасөткел ауылдық округі, Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, №7 (әкімдік ғимараты) мекенжайында «Жібек жолы» арнайы экономикалық аймағында 2025-2028 жылдары қуаттылығы жылына 25 000 тонна натрий цианидін өндіретін зауыттың құрылысы» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобаға келесі құжаттамалар кіреді: нормативтік рұқсат етілген шығарындылар жобасы (РЕШ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы (ӨЭБ), қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы (КББ), қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары (ТҚШ).

Жобалық құжаттармен Қазақстан Республикасының Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі жөніндегі ұлттық деректер қоры порталында <https://ndbecology.gov.kz/> және Жамбыл облысы бойынша жергілікті атқарушы органның ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ruo> танысуға болады.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын <https://ndbecology.gov.kz/> порталы арқылы, сондай-ақ: s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

«Qosyl»-да жоспарланған кездесуге шақыру сілтемесі:

<https://meet.qosyl.kz/meeting?room=923866921404>

Конференция идентификаторы: 923-866-921-404

Қосымша ақпаратты centresoproekt@mail.kz электрондық поштасы және 8 (7232) 76-82-76 телефоны арқылы алуға болады.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін жеке куәлік болуы қажет.

А

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Altynalmas Reagents», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 30.07.2025 года в 11-00 часов по адресу: РК, Жамбылская область, Шуский район, Тасөткельский с/о, с. Тасөткель, ул. Рыскулова, 7 (здание акимата) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: «Строительство завода по производству цианида натрия мощностью 25 000 тонн в год в специальной экономической зоне «Jibek Joly» в 2025-2028гг.» Документация включает: проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), проект программы производственного экологического контроля (ПЭК), проект программы управления отходами (ПУО), раздел охраны окружающей среды (РООС), план мероприятий по охране окружающей среды (ПМ).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/> а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на эл. адрес - s.agabek@zhambyl.gov.kz

Ссылка для приглашения на запланированную встречу в Qosyl:

<https://meet.qosyl.kz/meeting?room=923866921404>

Идентификатор конференции: 923-866-921-404

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу – e-mail: centresoproekt@mail.kz и по телефону 8(7232) 768276.

Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.

А

Тараз қалалық білім бөлімінің Т.Рысқұлов атындағы №48 орта мектебінің ұжымы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Нұрбай Назима Едикқызының анасы **Ноғайбекова Мейрамкуль Амангельдиевнаның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

А

Куплю компьютеры времён СССР, радиодетали,радиохлам, электрохлам, платы, рации, приборы разные, блоки АТС, радиоэлектронику, металлолом, макулатуру. Вывезем из складов и гаражей неликвидные товары, списанную оргтехнику, бытовую технику, посуду, фляги, кастрюли, газбаллоны. Принимаем наручные и электронные часы, часы с кукушкой, а также баян, гармонь и т.д.

А Телефон: 8 705-560-53-66

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Бұл беттегі АҚЫЛЫ хабарландырулар төмендегідей айдармен жарияланады:

«Жоғалған құжаттар», «Көңіл айту», «Қызметін тоқтату», «Мұрагерлік ашылды»

сынды айдарлар бар. Жеке хабарландырулар нақты және анық жазылған мәтінмен қабылданады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ – 45-62-65, 8 747 545 4566

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігі үшін заң және тәртіп ерекше маңызға ие. Заң – адамдардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын ереже жиынтығы. Ол әділдікті қамтамасыз етіп, әрбір адамның тең құқылы өмір сүруіне жағдай жасайды.

Заң мен тәртіптің қоғамдағы ролі зор. Олар адамдардың құқықтарын қорғап, әлеуметтік әділеттілікті орнатуға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қоғамдағы жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қоғамдық тәртіпті сақтау тек құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес. Әрбір азаматтың қоғамдағы тәртіпті сақтауына жауапкершілікпен қарауы керек. Занды құрметтеу, басқалардың құқықтарын бұзбау, өз әрекеттері үшін жауапкершілік алу – тәртіптің негізі.

Заң мен тәртіп бір-бірімен тығыз байланысты. Зандар тәртіп орнатуға бағытталған, ал тәртіп оның орындалуына кепілдік береді. Зандардың орындалуын қамтамасыз ету

үшін тәртіптің болуы өте маңызды.

Өзгелердің әлеуметтік жағдайына, лауазымына, діни не жаратылысы туралы ұстанымына қарамастан құрмет білдіру – заң мен тәртіптің берік орнағанының белгісі. Оны қалыптастыруға әркімнің қосар үлесі бар.

Еліміз бүгінде қуатты, құқықтық мемлекет құрудың даңғыл жолына түсті. Бұл жол оңай емес. Оны әрбір азаматтың саналы жасаған қадамымен басып өте аламыз.

Заңды берік ұстанып ж а с а л ғ а н қ а д а м болашағымызды жақын, келешегімізді кемел ете түсетіні анық!

**Тараз қаласының
прокуратурасы**

